

Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округінің Томпақ ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 маусымдағы № 13 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 маусымда № 5237 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 қазандығы № 32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 25.10.2018 № 32 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Зандауна сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 377 ұсынысы негізінде Тайпақ ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округінің Томпақ ауылы аумағында ұсақ мүйізді қара мал арасында жүқпалы эпидидимит ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Тайпақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (З.Н.Гапуова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тайпақ ауылдық округінің әкімі

Б. Шаленов